

*Сейтбекова Айнұр Аташбекқызы,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының жетекші ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі
әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі
ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық
және Әдістемелік жұмыс топтарының мүшесі*

**Жалпы орта білім жүйесінде латыннегізді «Жаңа әліпбимен»
меңгерту: артықшылықтары, проблемалары, ұсыныстар**

Елбасымыз Н.А. Назарбаевтың Жарлығымен қабылданған латыннегізді «Жаңа әліпбиді» білім берудің барлық деңгейлеріне (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру, жоғары білім беру, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру) 2025 жылға дейін латын графикасына көшіру кестесі мен жұмыс жоспары бекітілді. Осымен байланысты білім берудің барлық деңгейлеріне арналған ауқымды іс-шаралар өткізіліп, нақты мәселелер талқылану үстінде. Ал іс-шараның негізгісі – қазақ емле ережесін түзу. А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының тілші-мамандары латын графикасына негізделген қазақ тілінің емле-ережесін түзгеннен кейін, мектеп жасындағы және ересек тұрғындар арасында қанатқақты (пилоттық) сынақтан өткізеді. Емле ереже бойынша анықталған мәселелер жинақталып, жүйеленіп латынграфикалы жаңа әліпби мен жазуды меңгертудің қазақ тілінің әдістемелік оқу кешендеріне енгізіледі.

Жалпы, латын графикасына негізделген «Жаңа әліпбиге» көшудің тілтанымдық артықшылықтарын ескеруіміз керек. Бұл, әсіресе, білім беру жүйесінде латынграфикалы қазақ тілінің емле-ережесімен меңгертудің оң нәтижесін береді деген сенімдеміз. Атап айтатын болсақ, бұрынғы кирил графикасына негізделген қазақ емле-ережесін оқытуда қиындық тудырып жүрген, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес келмейтін *щ, ь, я, ю* жат әріптерінен арыламыз. Профессор Н. Уәлидің айтуынша, бұл таңбалар әуелде шетелдік сөздерді орыс тілінің орфографиясымен жазу үшін арналған еді. Содан қазақ тілінің емле ережесі басқа тілдің ережесіне кіріптар болды. Осының салдарынан шеттілдік сөздерді дыбыстық жақтан игерудің механизмдері жұмыс істемей қалды [1,144]. Яғни, латыннегізді «Жаңа әліпбимен» оқытуда басты мынадай *артықшылықтарға* қол жеткізетініміз анық:

- қазіргі кирилграфикалы қазақ әліпбиіндегі 42 әріптен гөрі «Жаңа әліпбидегі» 32 латын әріптерін меңгерту оңайырақ;
- қазақ тілін оқытқанда басы артық таңбаларға қатысты емле ережелердің саны азаяды;
- шет тілінен енген кірме сөздер қазақ тілінің әуезіне икемдеп жазуға мүмкіндік болады.

Дегенмен латыннегізді қазақ жазуына көшкенде алдымызда күтілетін негізгі мәселелерді атап өткеніміз жөн.

Көңіл аударытын басты мәселе – *графемааралық интерференция*. Бұл екі немесе бірнеше тілдегі біробразды таңбалардың әртүрлі дыбысталуы. Яғни, графемааралық интерференция оқушыларға екі тілдің графемалық жүйелерін меңгертуді қиындатады. Бұл жайында А. Фазылжанова: «Балаға *A* әрпінің ағылшын тілінде *эй*, ал қазақ тілінде *a* болып оқылатынын қайта-қайта айтып отыру қажет. Сол сияқты *E* (ағылшын тілінде *и* деп, ал қазақ тілінде *e* деп оқылады) және тағы басқа әріптер. Бұл жағдайда да ағылшын тілін сәтті меңгеру кадрларды даярлауға байланысты. Бүгінде ағылшын тілінің мұғалімдері ағылшын және қазақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасынан хабарсыз. Нәтижеге жету үшін тек ағылшын тілін білу жеткіліксіз, оны ғылыми тұрғыда қазақ тілімен салғастыра білу де керек. Қазақстандағы филологиялық білім беруді реформалау қажет», – деп көрсетеді [2].

2016 жылы Қазақстанның білім беру жүйесінде «Үш тұғырлы тіл» саясаты жүзеге асып, үштілділік реформасы қабылданды. Осыдан бірінші сынып оқушылары үш тілді қатар оқып келеді. Ал енді латын графикасына негізделген «Жаңа әліпбиді» меңгерткенде жоғарыда аталған графемааралық интерференцияға ұшырайтыны сөзсіз. Себебі үш тілдегі өзара ұқсас таңбалардың көрінісі бір болғанмен, айтылуы басқа-басқа таңбалар. Осындай екі тілдің арасындағы ұқсас таңбалар мен тіпті бірдей жазылатын сөздер 6-7 жасар баланы шатастыруы әбден мүмкін. Осы ретте, ең алдымен, бала 12 жасқа келгенше тек өз ана тіліндегі дыбыстық қорды меңгертіп алу абзал. Ана тіліндегі дыбыстарды қазақ тілінің айтылу заңдылығы бойынша *a*-ны *a* деп, *b*-ны *бы* деп ... айтып үйренген соң, басқа тілдің айтылу заңдылығын меңгерту кеш болмас еді. Ұлы ағартушы А. Байтұрсынұлының «Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғандығын кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз» деген қанатты сөздерін ұмытпайық [3].

Елбасы көрсеткеніндей, «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. ...алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» [4]. табуы аса қажет. Олай болатын болса, *латын графикасына көшудегі негізгі мақсатымыз – қазақ тіліне шет тілінен енген кірме сөздерді қазақ тілінің дыбыстық әуезіне икемдеп орфограммалау*. Қазіргі қазақ тілінің сөздік қорына шеттен енген кірме сөздер күн санап өсіп келеді. Бөгде тілдің тәртібімен жазылып жүрген сөздерді күнделікті оқып жүрген газет-журнал, оқулықтар, ғылыми еңбектерден байқауымызға болады. Қазіргі кирил

әріптеріне негізделген қазақ тілінің емле ережесінде бөгде сөздерді қазақ тілінің дыбыстық әуезіне икемдеудің принциптері қарастырылмаған. Яғни, орыс тілі арқылы енген шет сөздер орыс тілінің (донор тілдің) заңдылығымен жазылып келеді. Мысалы, *комиссия, диссертация*, т.б. Осындағы орыс тілінің заңдылығымен таңбаланған геминат дыбыстарды (бір дыбыстың қосар орналасуы) айтып та, жазып та жүрміз. Сондай-ақ, орыс тілінен енген сөздердің құрамында (алдыңғы, ортаңғы позицияларда) кездесетін *о* дыбыстары да донор тілдің тәртібімен таңбаланады. Мысалы, *комиссия, компания* т.б. Осы сияқты бүгінгі қазақ тілінің әуезіне келмейтін сөздерді икемдеудің бірден-бірі тиімді жолын қарастыру, принциптерін анықтау – тілтанушылардың басты міндетіне айналып отыр. Ғалымдар шет сөздерді қазақ тілінің дыбыс жүйесіне таңбалау механизмдерін «бұрынғы латын» тәжірибесінен алуға болатынын ескеруде. 1929 жылғы реформа бойынша орыс тілінен енген зат, бұйым атаулары қазақ тілінің әуезіне, ұлттық сипатына икемделіп жазылды. Мысалы, *бәтеңке* (ботинка), *бөкебай* (пуховый), *бөрене* (бревно), *түрме* (тюрьма) т.б.

Ғалымдардың латын графикасына негізделген әліпби бойынша шеттен енген кірме сөздерді игерудің түрлі (үндесім, транскрипциялық, транслитерациялық, орфоэпиялық) ұстанымдарын талқылау үстінде.

Қазіргі таңда жаңа әліпбиге көшуге байланысты шет тілінен енген сөздерді, оның ішінде ағылшын сөздерін ағылшын тіліндегі графемалармен таңбалауды жөн көріп, ұсыныс жасап жүрген тілшілер де бар. Бұл бойынша профессор А.Алдашева екі маңызды мәселені алға тартады: «... біріншіден, шетел сөздерінің түпнұсқа қалпын сақтап, емле қалыптастыруда *директивалық-өкімдік талапты* басшылыққа алу мүмкін емес, өйткені тіл дамуының қазіргі жағдайында әзірше ағылшын тілі қазақ тілі үшін донор-тіл емес, дегенмен донор-тіл болудың бастапқы нышандары бар. Екіншіден, орыс тілі арқылы енген шетел сөздері тек ағылшын тілінен ғана емес, сонымен қатар түпнегізі грек, латын, яки болмаса неміс, француз тілдері болатын тілдік бірліктер, демек, осы тілдердің де түпнұсқа қалпын сақтау керек болады (мысалы, гастарбайтер – нем. *Gastarbeiter*; маршрут – нем. *Marschroute*; фуршет – фр. *la fourchette*; коллегия – лат. *collegium*)» [2, 211]. Шет тілінен енген сөздерді ағылшын тілінің графемаларымен таңбалап, емле ереже қалыптастырсақ, тіліміздің шұбарлауына, әдеби тіліміздің бұзылына әкеп соғуы әбден мүмкін. Яғни, өсіп келе жатқан келесі жас буын таза қазақ тілінде емес, бұзылған қазақ тілінде сөйлей ме деген қауіп бар. Сондықтан шет тілінен енген сөздерді игеруде аталған мәселені қатаң ескеруіміз қажет.

Сондай-ақ, қазіргі таңда қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгертуде қиындық тудырып жүрген таңбалардың бірі – *и, у графемалары*. Тілші ғалымдардың *и, у* графемаларының дыбыстық құрамы мен оларды латын әріптермен орфограммалау жайында бірқатар мақалалар жазып, түрлі пікірлер айтып келеді. Кейбір тілтанушылар *и, у*-ды таратып жазуды ұсынса, кейбіреулері бір ғана таңбамен беруді жөн көреді. Ә. Жүнісбек: «... туралы, сияқты, тәрізді сөздер болашақ латын жазуында қос таңбамен

тұралы, сыйақты өрнектелуі керек деп есептейді. Бұл жүйе арқылы қазақ тілінің буын, тасымал, морфемдік желісін сақтаймыз», – дейді [5]. Ал профессор Н.Уәли: «Жазуды фонетикалық транскрипцияға айналдырмау керек. Жазуда негізгі реңк қана хатқа түседі және жазуда экономия болу шарт», – деп көрсетеді [6]. Ғалым Қ. Күдерінова: «Қосар әріп орнына дара жазып, үнемдеу принципіне сай келсек, екіншіден, *и, у* таңбалары сөздің айтылу жүйесіне кереғар болған жоқ, сондықтан латын әліпбиіне көшкенде де өзгертуді қажет етпейтін ережелер қатарынан табылуы тиіс, – деген пікірге келеді [2, 253]. Әрине, қосар әріпке арнайы бір таңба арнап жазу – көзшалымға да, жазғанға да қолайлы. Дегенмен өзгетілді өкілдерге осы таңбалармен келетін әріптердің дыбыстық құрамын арнайы меңгертуді қажет етеді. Себебі қазіргі оқыту әдістемесінде қазақ сөздерін қазақ тілінің орфоэпиялық нормасына сәйкес меңгерту әдістері кемшін түсіп жатады. Оны оқушылар мен студенттердің *и, у* таңбаларымен келетін сөздерді айтылуы бойынша емес, жазылуы бойынша оқитындарынан аңғарып жатамыз. Сондықтан *и, у* сөздерінің дыбыстық құрамын меңгертуде қазақ тілінің артикуляциялық нормасына сәйкес бұзбай оқыту мен айтқызуды ескеру қажет.

Сондай-ақ, жалпы орта білім беру жүйесіндегі оқу әдістемелік кешендерінің сапасын арттыру мақсатында төмендегідей ұсыныстарды ескеруді қажет деп санаймыз:

- жалпы мемлекеттік стандартты бағдарламаар негізінде құрылған мектеп оқулықтарында бір сөздің әртүрлі нұсқада жазылуы, кейбір терминдердің, жер-су атауларының да әртүрлі нұсқада қолданылуы сияқты ала-құлалықтар кездесіп жататыны жысырын емес. Мысалы, *Яссауи, Йассауи, Ясауи* т.б. Сондықтан латын графикасына көшу барысында оқу әдістемелік кешендерінде әртүрлі нұсқада жазылып жүрген тілдік бірліктерді біріздендіру қажет;

- білім беру жүйесінде оқулықтардың сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша 2016 жылғы «Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу және жасау» зерттеу жобасы аясында «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» Тіл білімі және жоғары оқу орындарының мамандарының бірігуімен «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» құрастырылды. Нақтылай айтқанда бұл сөздік – мемлекеттік тіліміздің оқу-әдістемелік жүйесінің тілтанымдық базасын жаңғыртуға, тілді оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға, оқулық, оқу кешендері мен құралдарының тілдік материалын жүйелеуге, оларды заманауи талапқа сай құрастыруға септігін тигізетін бірегей басылым. Яғни, оқулық авторлары бұл «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» негізінде белгілі бір жарыспалы лексикалық бірліктің тілдің жүйесінде жиілігі тұрғысынан алатын орнын анықтай отырып, оқулыққа енгізуге мүмкіндік ала алады. Сондықтан мектеп оқулықтарына белгіленген тақырыптарға қатысты қандай да терминдер мен лексика-грамматикалық минимумды енгізуде «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің

жиілік сөздігіндегі» сөздердің қолданылу жиілігін ескере отырып, енгізу қажет.

Қорытындылай келгенде, латынграфикалы жаңа жазуға көшу үрдісінде жоғарыда аталған басты проблемалар мен ұсыныстар ескеріліп негізге алынса, оқулық кешендері мен оқыту әдістемелерінің сапасы анағұрлым арттырады еді.

Әдебиет

1. Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы. - Алматы: Қазақ тілі, 2016. - 560 б.
2. kazneb.kz // Жаңа ұлттық әліпби: қазақ жазуын жаңғырту (ғылыми-тілтанымдық зерттеу).
3. <http://massaget> //Ахмет Байтұрсынұлының тіл туралы тағылымды ойлары.
4. <http://www.akorda.kz>//Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.
5. Жүнісбек Ә. Әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдыру керек. - Орал, 2007.
6. Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері: филолг.ғ.к...дисс. – Алматы, 1993. - 162 б.